

**"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы"
аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы № 86 шешіміне өзгеріс енгізу
туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 297 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 сәуірде № 4956 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 325 шешімімен **Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.07.2015 № 325 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 қарашадағы кезектен тыс X сессиясының № 86 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылы 13 желтоқсанда № 4367 болып тіркелген, 2012 жылы 27 желтоқсанда "Тіршілік тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешім қосымшасының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Сырдария аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) арқылы жүзеге асырылады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті

XXXX сессиясының төрағасы

А. Камалатдин _____

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Б. Маншарипов _____